

пен өзін реттеу кабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық кабілеттерін дамыту;

2) негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуіде қолдау, оқытудың жана талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын қалыптастыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

3) орта мектеп – білім алушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау кабілетін дамыту, психологеметтік құзыреттілікті дамыту.

1.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

- 1) баланың қандай да бір даму мәселесін шешуде кешенді, панааралық таспидеме;
- 2) білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру;
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (божжау);
- 5) мүмкіндіктерді шектеулі бағаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру.

2. «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

2.1. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау облыстық психологиялық-медициналық кенестің (әрі қарай ОПМК) №112 тұжырымдамасы мен ұжымының негізінде, сондай-ақ оқушыларды «№112 жалпы орта білім беретін мектебінде» штаттық мамандарының (педагог-психолог, логопед мұғалім, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

2.2. «№112 жалпы орта білім беретін мектебінің» директорының бұйырығымен татайындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелер мен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына пән мұғалімдері, білім алушылардың ата-аналары, үйірмелердің (секциялардың) жетекшілері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

2.3. «№112 жалпы орта білім беретін мектебінің» психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында бағалардың құқықтарын қорғау саласындағы бағаның құқықты тұлғалы БҰҰ конвенциясын, мүлдеткердің құқықтары тұлғалы БҰҰ декларациясын, бағаларды қорғау және дамыту, өмір сүрудің қамтамасыз ету тұлғалы дүниежүзілік декларацияны, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Кемтар

балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Занын, ҚР ОА министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, №39 туралы» Занын, ҚР ОА министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, №39 жалпы білім беретін орта мектебінің жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы) және осы ережелерді басшылыққа алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен

міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- білім алушының құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қалыптастыру және медициналық-қағамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланы дамуы мен оқығанда туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланы даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің кешенді түрде диагностикалау;
- білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;
- оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кенестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметінің барлық мамандарымен бірге, ІМТК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, оқушыларды оқыту мен тарбиелену үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік сепіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – білім алушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тарбиелену үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарды, оқуға, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;

- психологиялық түзету жұмысы – оқушылармен түзете-дамбыту жұмысын жүйелі түрде жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың, әлеуметтік-психологиялық терминдерді, рөлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жаны және арнайы қабілеттерін дамыту үдерісіне қатысушылардың арасындағы топтық дискусияларды ұйымдастыру және өткізу;
 - ербір жастық кезеңде оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке бастық толық қанды дамуына және өзін-өзі тануына жағдай туғызу, сондай-ақ тұрғылықты дамуы мен зерттеу дамуында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу мақсатындағы білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыда аяқталу;
 - білім беру үдерісіне қатысушыларға әр түрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беру;
 - өмірдегі қиын жағдайларды жеңу үшін оқушылар мен ата-аналарға көмектесу;
 - білім алушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру;
 - ұйымдық-әдістемелік қызмет – ұйымдық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды (қолдау негіздерін талдау және жинақтау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдарын өңдеу) жүргізу;
 - тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктер, семинар практикалық жинақтардың жинақталуына қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын есепке ала отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыруға қатысу; инновациялық әдістерді менгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен кеңес жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;
 - мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер қорын қалыптастыру; психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу.
- 5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы**
- 5.1. «№112 жалпы орта білім беретін мектебінің» директоры бекіткен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспары.
- 5.2. «№112 жалпы орта білім беретін мектебінің» директоры бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс жоспары.
- 5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жылдық жұмыс жоспары мен хаттамалары.
- 5.4. Білім алушылардың психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жеке бағдарламалары.
- 5.5. Білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған оқыту семинарларының тақырыптары және өткізу кестесі.
- 5.6. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жылдық талдау.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері

- 6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:
- «№112 жалпы орта білім беретін мектебінің» ішкі еңбек тәртіп ережелерінің және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орындай себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;
 - түзету сабақтары уақытындағы бағалардың өмірі мен денсаулығы;
 - бағаны тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен бағаның дене және психикалық денсаулығының нашарлауы;
 - бағаның құқығы мен жеке бастық еркіндігін сақтау;
 - тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;
 - құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;
 - еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өртен қауіпсіздік ережелерін сақтау.